

НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Б. Айнабеков

ТУҒАН ЖЕРІНЕ ҚАЙЫРЫМДЫ МОЛ ҚАЙРАТКЕР

Академик С. Сартаев туралы ой

Журналист-жазушы әр уақытта - жоқшы. Жоқшының әдеті бір жоғын іздеп жүріп, екінші жоғын тауып жатады. Жаңақорғандық жерлесім Сұлтан Сартаев туралы осы эссені жазу бұдан бес-алты жыл бұрын ойға келген. Кәдімгі салғырттық... Ол кезде Сұлтекеңнің Алматының қақ ортасында М. Мәметова мен Д. Қонаев көшесінің қиылысына орналасқан, Қазақстанда алғашқы құрылған мемлекеттік емес заңгерлер дайындайтын Қазақ құқықтану және халықаралақ қатынастар институты болатын. Қазақстан тарихында бірінші рет Қазақстан заңгерлер одағының президенті, сонымен қатар КСРО заңгерлер одағы төрағасының орынбасары болған, жасы да, жолы да үлкен зиялы ағамыз болған соң, сол жұмыс орнына арнайы іздеп барып амандастым. Алпамсадай алып тұлғалы ағамыз буырқанып отыр екен. Ол кезде Алматыда жылжымайтын мүлік, жер дауы деген қызып тұрған. Бір жер, не бір мүлікке әкімшілік тарапынан бірнеше қаулы шыққанын, тіпті қала әкімінің өзі қол қойған шешімді, соңынан орынбасары қол қойған шешіммен бұзылып жатқанын да көргенбіз. Оның үстіне жекешелендіру туралы алғаш қабылданған заңдар дәрменсіздеу болды. Бұл мәселелерді өз өндірістерінде қарайтын судьялар дербестігі де көңілді көншіте бермейтін... Ағамыздың бір бауыры қала орталығынан базар салуға алған заңды жерінен айырылып қалыптғы. Қарап отырмай;

- Қалалық сотқа бергізбедеңіз бе? - дедім.
- Бергіздім, көк соққырлар әділ шешім шығармапты.
- Істі қараған судьяны білмеуші ме едіңіз?
- Судья түгілі бастығы да шәкіртім болған.

Онда ренжитін ретіңіз жоқ екен ғой... - деп әңгіменің аяғын әзілге айналдырғам... Содан Сұлтекең иығы бүлкілдей біраз күліп отырып, әлігі ашуынан арылып, жайдарыланып, еркін көсілгені бар. Арада заң да, саясат та, ел болашағы да терең әңгіме болған. Бұрын байқамаған екенмін, еркін ой қозғап көсілгенде қара сөздің дүлдүлі екен. Білмейтіні аз, қай салаға салсаң да сырғытып сұңғыла пікірлер айтады. Ел тарихы туралы айтқанда әрісі Шыңғысханнан, берісі Елбасымыз Н. Назарбаевқа дейінгі аралықтағы деректердің жанды шешіресі дерсің. Жасы келгендіктен бе, әлде өзі ыждағат тұтып зерделенгендіктен бе, зиялы қоғам құқығымен сабақтастыра Құран сүрелеріне талдаулар жасағанда, қазіргі көп имамдарымыз ғалым ағамыздың шаңын қауып қалатын сияқты. Маған туған ел, аяулы туған алтын бесігі Жаңақорған туралы тебіренісі мен сағынышы туралы әңгімесі ала бөтен әсер қалдырған. Азаматтардың айтқан сөзі мен ісі қатар астасып жатса қандай жарасымды. Мемлекет қайраткері ағамыз сол кездесуде туған топырағында өзі жасаған қаншама қайырымды жұмыстары туралы жұмған аузын ашқан жоқ болатын. Есімде қалғаны қайтар кезде қазақ және орыс тілінде соңғы жылдары жазған өзінің жеті-сегіз кітабына колтанбасын қалдырып, қолыма ұстатқаны ...

Өткен жылы жазушы ретінде менің 60 жылдығым туған жерім Жаңақорғанда бір жыл кешігіп барып өтті. Байқағаным, бұл кездесуді кеш те болса ұмыттырмай, әрі оның жоғары дәрежеде өтуіне дәнекер болған, елде жүргенде өзімді осы творчество жолына баулыған ұстазым, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, сол кездегі аудандық «Коммунизм жолы» газетін редакторы, 1900 жылдан аудандық мәдениет бөлімі жанындағы «Қазақстан Халық ақыны Манап Көкенов шығармашылық өнер мектебінің» директоры, қазіргі қазақ балалар әдебиетінің көзі тірі классигі, жасы 74 келіп отырса да ширақ қимылынан танбаған Адырбек Сопыбеков ағамыз сияқты көрінді. Жоқтаушы жанашыр ағамның болғаны да қандай жақсы. Аудандық әкімшілік күтіп алып, жақсылап шығарып салуды осы ақын ағамызға міндеттепті. Бұл жұмыс - мен білемін, Адырбек ағамыз үшін қырық жыл бойы қалыптасқан дәстүр. Ауданға Алматыдан арнайы келген, тіпті сондағы «Жаңақорған» санаториясына ем алуға келген ақын жазушыларға дейін жандарына Қазақстан Жазушылары одағының жалғыз мүшесі

Адекеңді ертеді. Ақын ағамыздың өзі де шығарма талдаудың майталман шебері, оған қосымша баяндама жасағанда арқаланып, әдемі ырғақты үнімен оқырмандарды соңына үйіріп ертіп әкетеді:

«...Не барын айта жүріп өлкемізде,

Сіздермен аралаймыз бірге біз де.

Еркіңіз қанша жатып демалсаңыз,

Курорт бар жанға шипа іргемізде...» - деп ақынның «Жаңақорған - жазушылар Одағы» деген өлеңінде шалқитыны да содан. Ақынның «Фолиант» баспасынан өткен жылы жарық көрген бір томдық «Дөңгеленген дүние» жинағындағы «Портреттер» бөлімінде елуден астам ақын-жазушыға өз өлеңін арнағанын оқыдым. Менімше осы өлеңнің бәрінің осындай кездесу кезінде туылғанына менің күмәнім жоқ. Зерттесең әрбір жазылған өлең бір-бір естелік, тіпті тарихи ерекше уақиға болуы да мүмкін. Осыдан он шақты жыл бұрын белгілі ақын Жүсіп Қыдыровтың 60 жылдығын өткізгелі Алматыдан бір топ жазушылар ақынның туған ауылы «Талап» кеңсарына барғанда Мемлекеттік сыйлықтың иегері, сол кезде Жазушылар Одағының екінші секретары Темірхан Медетбековтың Адырбек жасаған баяндамадан соң, «Жүсіп туралы біз де бірдеңе айтамыз ба деп келіп едік, Адырбек ағамыз мына баяндамасымен комбайын сияқты алдымызды әдемілеп түгел орып кетті, енді бізге масақ теруден басқа шаруа қалмаған сияқты...» - деген жүрегінен шыққан әдемі де нақтылы бағасына бәріміз де қосылып едік...

Жаңақорғанға поезбен жеткен күні Адекең бастаған аудан әкімінің орынбасары Болат Ибрагимов, КазГУ-де бірге оқыған курстас досым, бүгінде аудандық маслихаттың жауапты қызметкері Файзулла Сахиев және бір топ аудан зиялылары қарсы алды. Кешкілік «Ардагерлер үйі» клубында болатын кездесуге дейін біраз уақыт бар болған соң, түскі үзілістен кейін, аудан орталығының біраз көрікті жерлерін жаяу жүріп аралағанды мақұл көрдік. Мен Алматыға көшкелі ә дегенше ауыртпалығы мен қиыншылығы бір басқа молынан жетіп артылар, көзді ашып жұмғандай сәтте отыз жыл да өте шығыпты. Сол кездері орталықтың сәнін кетіріп тұратын «Нәкәлайдың көзін көрген» біраз мекеме кеңсесі орындарына, жаңа үлгіде салынған ғимараттар бой көтеріпті. Алдымен шағын ғана болғанымен алыстан көркімен көздің жауын алар екі қабатты мешіт үйіне зиярат жасадық. Мешіт *«Болса тағдар екінші өмір қойғандай, Сығанақта көз жұмар ем қиналмай»* деп жырлайтын ғұлама ақын һәм дін қайраткері Һисамеддин Сығанақи бабамыздың атымен аталған екен. Қатты қуандым, «көшеге көкесінің, ауылға әкесінің» есімін қоюға дағдыланған келте ойлы чиновник жанның салдырмағаны бірден байқалды. Ұзамай мешіт кіреберісіндегі «Салдырған академик С. Сартаев. 25 қыркүйек 2006 жыл.» деген жазуға көзім түскенде еріксіз аялдадым. Есіме, кезінде Адырбек ағамыз:

«...Басын қосқан қазақтың,

Баспанасы, Сығанақ.

Ақ Орданың ежелгі -

Астанасы, Сығанақ!..»-деп жырға қосқан ежелгі Сығанақ қаласының жанындағы, күмбезі көкпен таласқан көрікті «Сунақата» мешітінің салынуына да осы Сұлтекеңнің бас-көз болғаны түсті. Алматыда жасы ағамыз қарайлас бір-жар ғалымдарды білеміз ғой, солардың өз бабаларының атын адами махаббатпен ұлықтап, өнегелі тірлік жасап, осындай иман-шаһар салып жүргендерін байқамаппын. Салмақ түгілі кешегі кеңестік тәрбиемен мешіт маңына жолаудан әлі күнге үркектеп жүргендері қаншама. Менің Сұлтекеңе деген мына ықыласымды сезіп қалған Адекең ауданның орталық демалыс саяжайына орналасқан Һисамеддин Сығанақидің алып мүсініне алып барды. Келісті салынған бұл ескерткіш те алыстан көзіме ыстық көрінді. Ойлы ғұламаға арналған ескерткіштің макетін осы ағамызбен болған соңғы кездесуде өз кеңсесінде көргенмін. Маған сол кезде-ақ терең толғауда тұрған тұлғамыздың көрінісі ұнаған болатын. Мешіт ашылған жылы осы ескерткішті де бітіріп әкеліп, қос қуанышты бірге өткізіп, лентасын қидырған екен. Жерлестерінің көзінше мүсінді жасаушы Алматыдағы Өнер және көркемсурет институтының профессоры Болат Досжановтың қолына мүсін салдыру шығынынан тыс, темір тұлпардың кілтін ұстатып, иығына шапан жауыпты.

Сұлтекеңнің өз туған жері Жаңақорғанға жасаған сыйы мұнымен бітпепті. Келесі 2007 жылы, арманда кеткен аналардың анасы, Жаңақорған ауданындағы «Батыр Ана» орденінің тұңғыш иегері (ҚСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1946 жылы 8 желтоқсандағы Указы) Тоқтарова Үміт Мұратбайқызына арнаған «Үміт Ана» ескерткішін де орталық алаңға келістіріп тұрып қойдырыпты. Бұл кісінің 17 құрсақ көтеріп, 7 ұл, 3 қызды өсіріп жеткізгенін, Ұлы Отан соғысына аттандырған алты ұлының біреуі ғана жеңіспен елге оралғанынан осы ауданның перзенті есебінде мен де хабардар болатынмын. Бірақ осы ескерткішті өз қаржысына салдырған академик Сұлтан Сартаев ағамыз бала кезінде қатты науқастанып, сол кездегі дәрігерлерден дәрмен болмай, ақыр соңында осы Үміт анадан ем алып жазылғанын, Сұлтекең де өзін осы ананың бір ұрпағы

санайтынын білмейді екенмін. Мына ескерткіш ғұлама ғалымның сол ана рухына жасаған перзенттік тағызымы екен. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен Үміт сияқты аналарға қандай құрмет көрсетсең де жарасады ғой. Бірақ сол аналардың абройын азаматтық дәрежеде мойындап, осындай ұлық тірлік жасау екі адамның бірінің еншісіне жазылмаған абырой ғой. Осы жылғы Сұлтекеңнің Жаңақорғанға тартқан тағы бір тартуы, кезінде:

«...Екі жолдас ғашық болдық саған біз,

Екеуміз де саған ғана алаңбыз.

Сені көрсек қипақтап-ақ қалармыз,

Білермісің, сезермісің Жанар қыз.

Қозы, Қодар емеспіз,

Бірақ бізге керексіз.

Бан сұлу боларсыз,

Қайсымызға демек - Сіз...», - деп біріміз сөзін, біріміз әнін шығарып сал дәурен жастығымызды бірге өткізген, 44 кыршын жасында өмірден мезгілсіз өткен, тұңғыш әні «Ақ Баянымен-ақ» ел есінде мәңгілік қалған әнші-сазгер Бексұлтан Бәйкенжеевтің мүсіні болды. Біткен іске сыншы болу оңай шаруа ғой, ел алдына баянымен бірге құшағын жая күлімсіреп шыға келетін Бексұлтанды сол баянымен қоса көрсетпегені болмаса, дүниеге ғашық көзімен қарап кеткен менің құрдасымның тас бейнесі, тіршілігіндегі бүтін болмысымен әдемі жымдасыпты. Білемін, жас кезімізде Сұлтекең ауылға келсе Бексұлтанды «күйеу балам» деп таптырып шақыртып алып, өзі кеткенше әнін тыңдап, қасынан ұзатпайтын. Бексұлтан Алматыға келген кезінде де, өзін құрметтеген ағасын өзі де құрметтеп, аман-саулығын білмей қайтпайтын. Тіршілігінде сыйласқан сол сүйікті інісінің туған жер төрінде, ел есінде жүрсін деп, өз қаржысына ескерткіш мүсінін Сұлтекең сияқты ғұлама ағалардың салдыруы қандай жарасымды көрініс. Мұны айтып отырғаным, қазір ел мақтанышына айналған Бексұлтан сияқты өнер шеберлеріне арнап осындай ескерткіштер орнату жұмыстары барынша қиындап кеткен заман болып тұр. Ескерткіш салу үшін алдымен жергілікті ономастикалық комиссияның және тиісті министрліктің ұрықсатын алу керек, одан соң ескерткішке конкурс жарияланады, одан соң жеңімпаздың анықталуын күтесің, осының бәрін өткізу үшін қаншама қаржы керек, үкімет тарапынан алынатын қаншама қаулы қарарларды күтесің. Осынша тіршілікті соңына түсіп жасамақ түгілі ойлаудың өзі шашынды ағартатын шаруа емес пе. Мына жағдайда Сұлтекеңнің беделі мен абыройы, ел алдындағы салмағы көп мәселені белден баса отырып, жедел шешуге негіз болған сияқты...

Кешкі аудан орталығы оқырмандармен болған жоспарлы кездесуімізден соң, Адекеңнің үйінде дастархан басына жиналғанда, менің Сұлтекеңнің Жаңақорған жеріне жасаған өз көзім көрген жақсылықтарына байланысты ризашылық әңгімелерімнен соң, ақын ағамыз өзінің жазу бөлмесінен алып шығып, менің қолыма 2007 жылы жарық көрген «Өнерім Сіздерге» деген қомақты жинағын ұстатты. Менің көзіме Алматыдағы «Дәуір» баспасынан жарық көрген 26 баспа табақтық кітаптың алғашы бетіне алғы сөз орнына жазылған;

«Құрметті інім Адырбек!

Сіздің ел азаматтарына арналған өлеңдеріңізді түгелдеп осы жинаққа үлкен ілтипатпен енгізіп отырмын. Барлығының бірдей фотосуреттерін таба алмадым, ал табылғандарын өлеңдердің арасына кіргіздім.

Фотосуреттері болмай қалған азаматтардан және өзіңізден кешірім сұраймын. Менің бар ой-мақсатым осы жинақпен Сіздің ел азаматтарына арнаған қисапсыз мол еңбегіңізді айқара көрсету болды.

Ағаң - академик Сұлтан Сартаев» - деп ерекше қаріппен жазып, соңына өзінің төл қолын қойғаны болды. Таразылап көріңіз, қазір жасы 85-ке таянған қазақтың қай ғұлама азаматы, өзінің күнделікті тіршілігінен артылып, түкпірдегі ауылда тұрып жатқан өкшелес ақын інісінің, өзі көзін көрген бауырларына арнаған өлеңдерін жинастырып, оны мынадай жоғары сапалы қағазбен мұқабалы жеке жинақ етіп бастырып жатыр. Тіпті қолымдағы ұстап тұрған осы кітап жайлы «ақсақал ағамыз осылай ерлік жасапты» деген әңгіме айтсам мына заманда сенетін жан бар ма өзі. Бірақ нақтылы шындық, расы осы екенін көзім көріп тұрған жоқ па. Адырбектің бұл өлеңдер жинағына бүкіл қазақ білетін өнер қайраткерлері Манап Көкенов, Құтбай Дұрманов, Төлепберген Әбдірашов, Тынымбай Нұрмағанбетов, Дүкенбай Досжанов, Бексұлтан Бәйкенжеев пен қоғам қайраткерлері Бегайдар Аралбаев, Исатай Әбдікәрімов, Мұхтар Әлиев, Сұлтан Сартаев, Ғафур Мұхамеджанов сияқты асыл ағаларға арналған арнаулары мен сыр өңірінің белгілі азаматтарына арналған өлеңдері, түрлі - түсті суреттерімен енгізіліпті. Бұл жұмыс Сұлтекеңнің қаншалықты уақытын алғандығын ойланып көрудің өзі қандай қиын. Кітап үш бөлімнен тұрады екен. Алғашқы негізгі бөлігі арнаулардан тұрса, «Тарихи ізденулер» деген бөлімінде Адекеңнің Жаңақорған

ауданы тарихына байланысты мұрағатқаналарда отырып тарихи тақырыптарға барған, республикалық басылым беттерінде жарық көрген мақалаларын топтастырыпты, үшінші бөлімге «Хаттар» деген айдар тағылыпты. Бұл бөлімде Адырбектің архивінде сақталып, кейінгі жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген жазушы Қалмахан Әбдіқадыровтың 1964 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына жолдаған қоштасу хатының қалай жазылғандығы туралы естелігі мен Адекеңнің Сұлтекеңнің өзіне жазған тоғыз хаты еніпті. Қандай ыждағаттылық. Осындай жасқа келіп отырып біреудің жазғандарын жинамақ түгілі, бізге өз жазған-сызғанымызды жинастыру әлі күнге ойға келмепті ғой. Ыждағаттылық деген осы болса керек.

Әңгімеге өзек болып отырған бұл жайттар менің Жаңақорғанға барған бір сапарда Сұлтекеңнің жасаған, өзім көріп куә болған, қайырымдылық тірлігі екен. Мұншама игілікті тірлікті дәл қазір байлығы елден артып, шет ел асып кеткен бизнесмен бауырларымыз да жасай қоймас, тек Сұлтан Сартаев сияқты азаматтың азаматы ғана жасайды.

Содан кешкі астан соң, жұрт соңында қалып Сұлтекең және туған жер туралы жата қалып ойға берілейін. Туған жерді сүйсең Сұлтекең сияқты есепсіз сүю керек қой деген қорытындыға келдім. Әрине, саналы әрбір азаматтың туған жері өзіне ыстық. Сол жердің топырағынан жаралған соң, қайда жүрсе де, шамасы келсе, тіршілігінде сол жердің көгеріп, көркеюіне өзінің қолынан келген үлесін қосуға тырысады. Бірақ оның да шегі, мөлшері бар ғой. Әйтпесе, бүкіл қазақ халқы сыйлап жатқан осы ағамыздың «Жаңақорғанның XX ғасыр адамы» деген құрметті атағы болмаса, жерлестерінен көрген қолдауы да шамалы. Қайбір жылы «туған жерім ғой» деп енші алыспаған екі аудан Шиелі мен Жаңақорған сайлау округінен депутаттыққа түсіп, өтпей де қалғаны бар. Сонда көзі ашық жерлестері Сұлтекеңнің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, «Парасат», «Барыс», «Құрмет» ордендерінің иегері, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, заң ғылымының докторы, қазақ қана емес әлем мойындаған заңгер екенін білмей қалған жоқ. Белгілі ғұлама ғалымның есімі ел егемендігінің тарихымен астасып кеткенін бәрі де білді. Еліміз өз егемендігін алған жылдары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы мен «ҚР Президенті лауазымын тағайындау туралы» Заңын осы кісінің жазғанын, «ҚР азаматтығы туралы», «Тіл туралы» заңдарды талдап жасауға және оның қабылдануына тікелей қатысқанын, Қазақстанның мемлекеттігін қалыптастыруда, егемендігімізді тұғырлы етуде, тәуелсіздігіміздің құқықтық кешенін жасауда атқарған ролін бәрі де білді. Шаппай бәйге беретін Сұлтекеңе солай бола тұра сенім көрсетпеді. Сонда ұлы Абайдың «Сүйер ұлын болса сен сүй, сүйінуге жарар олы» қайда қалды. Баяғы бақай тартпа қазақтың рушылдығы. Бірақ оған сылт еткен Сұлтекең болған жоқ. Қайта туған жерін бұрынғыдан да қатты сүйе түскен сияқты.

Мен еліміз егемендігін алған жылдары республикалық «Қазақстан» телебағдарламасының саяси хабарлар бас редакциясына басшылық жасаған журналистпін. Сол жылдары құрыш денелі, бұйра шашты, көзінен нұр төгілген, Сократ маңдайлы қоңыр дауысты Сұлтекеңнің Парламент мінбесінен (1991 жылы 16 желтоқсанда) өзі дайындаған «Тәуелсіздік туралы» заңның жобасын депутаттар мен үкімет мүшелері алдында жариялап, «Біз бүгіннен бастап тәуелсіз мемлекеттердің қатарына қосылуымыз қажет!» деген пікірді қазақ азаматына тән асқақтықпен ашық білдіргені, екінші тағы бір көрініс, сол кездегі депутаттар арасында мемлекеттің құрылымынан асып, тілге ауыз салушыларын белден басып былай деп айтқан сөзі күні бүгінгідей құлағымда тұр:

- Жоқ, мырзалар, біз жаңағы жолдастардың айтқандарын қабылдасақ - адасамыз. Ол елдіктің жолын ойластырған пікір емес. Бұра тарту деп бағалаймын. Қазақ халқын азшылық деу қиянат. Өз жеріне жетерліктей болған және болатын еді. Кешегі кеңестік зобалаң түбімізге жетті. Сонау көшпелі кездің өзінде-ақ қазақ өз жерін ешкімге тапталпаған. Бүгін де тапталпайды. Азшылық болғанына халық кінәлі емес. Ол қолдан жасалған зорлық. Елде салынған зауыт-фабрикаларға жұмысшылар мен мамандар сырттан әкелінді. Игерілген тың және тыңайған жерлерге басқа жерден адамдар ағылды. Міне, бұл тілімізге, ғұрпымызға әсер етті. Менің ұсынысым - қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын. Басқа жерде емес, қазақтардың жері де, елі де осы Қазақстан Республикасы - дегенде депутаттар ду қол шапалақтаған болатын. Сонда депутаттармен бірге бүкіл қазақ елі, қазақ жері қол соққандай еді біздің Сұлтекеңе...

Депутат дегеннен шығады, ҚР Парламентінің екі дүркін шақырымының депутаты Сұлтан Сартайұлының маған берген «Ой түйіндері» атты кітабынан Парламентте және парламент төңірегінде туған мынадай ой түйіндерін оқыдым; «Парламент - елдің ары болмаса, оны жоқ деп санаңыз. Әлсіз парламент-өлі арыстан. Парламент қалғып кетсе заңды күші бар жарлық көбейеді. Парламент сүрінді дегенше Президенттің заңды күші бар жарлықтары тіріледі. Парламент заң шығаратын орган, кейде дау да шығаратын орын. Парламент сүрінді дегенше, қуылды де. Кімнің кім екенін білгің келсе - Парламентке бар. Парламент — заңды күлге аунап туа беретін тауық

емес. Депутат заң шығарушы емес - заңды тұжырымдаушы. Жалғыз депутат - парламент емес, парламент - депутат емес. Арлы, ойшыл депутат - зарлы халықтың ойынан шығар, арсыз, ойсыз депутат - бір есіктен кіріп екінші есіктен шығар. Депутаттың ролі жоқ емес, оның ролін жоқ ететін - бары мен жоғы бірдей депутат. Президент нашар болса - көз жасынды кептірмес. Ақылды адам таққа отырса - күншілдердің күні батады. Тышқан таққа отырса, арыстан келіп басын иеді. Тұлғаны тұлға ететін - адам. Таққа міну оңай емес, тақтан түсу мінуден де қиын. Байыдым деп тасыма, кедеймін деп жасыма. Бастықтың бәрі ақылды емес, ақылдының бәрі бірдей бастық емес. Зорлықты жақтау - ардан безумен тең. Шындықтың құны — кейде қаның, кейде жаның, кейде арың. Адамды адамға ұқсататын оның еңбегі мен парасаттылығы. Арың таза болса - түнің тыныш, ұйқың тынық. Біреуді күндеу - өз арыңа дақ салу. Толғағы жетпеген заңның - өмірі қысқа. Өлген арыстанға – шыбын да батыр. Өтірік - көп, шындық - жалғыз. Шындықты айту - кейде тозаққа түскенмен бірдей. Шындық тіліп түсер, тіліп түспесе іліп түсер. Заңның абыройын көтеруші де, төгуші де оны орындаушылар. Жарқырап жанған шамның майы - тез таусылады. Әкім болуға жарарамағандар депутат болуға жарайтын көрінеді... Шыдамдылық созыла беретін көк жиек емес, оның да таусылатын кезі бар. Сүрінген жерден аттап өт, аттап өтпесең айналып өт. Тілді арқанмен байламайсың, ақылмен байлайсың. Тұлпар шабытына жетсе-жер тарпиды. Дарындының бәрі ақылды болғанымен, ақылдының бәрі дарынды емес. Жан жәннеті-қайырылымдылықта...» осылай деп кете береді. Осы ойлар күні бүгін де санда бар, санатта жоқ депутаттарға сабақ есебінде түсіндірілер уағыз емес пе? Халық сенім артқан депутаттардың бәрі Сұлтекең сияқты осылай ойланса, соларға сенім артқан еліміздің келешегі, әлем таңдай қағарлықтай дәрежеде өркендер еді-ау...

Қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Сұлтан Сартайұлын өз туған жеріне жасаған бұл қайырымдылығынан басқа да қырларынан мақтап әңгіме айтуға болады. Мен мақтағаннан гөрі абыз ағамыздың осы жасаған қайырымдылығын айта отырып, мақтанғым келіп отыр. Қайран қазағым, мұндай бір тума ұлымен сен де мақтан!

*А.С. Ибраева,
С.К. Есетова,
Р.Е. Умербаева*

О РАБОТЕ ПЕРВОГО ЕВРАЗИЙСКОГО СЕМИНАРА ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ГРАЖДАН

14 и 15 октября 2011 года в столице Республики Таджикистан Душанбе состоялся Первый евразийский семинар по защите прав граждан. Организаторами данного мероприятия выступили: Таджикский национальный университет, Конституционный суд Республики Таджикистан, Уполномоченный по правам человека в Республике Таджикистан, Римская провинция Валмонтоне, Национальный совет по научным исследованиям (CNR), Римский университет “Ла Сапиенца”.

Открытие работы Семинара прошло в зале Ученого совета Таджикского национального университета. Перед участниками семинара с приветственным словом выступили Ректор Таджикского национального университета Н.Саидов, Государственный советник Президента Республики Таджикистан по правовой политике Д.М. Давлатов, Председатель Конституционного суда Республики Таджикистан М.А. Махмудов, Уполномоченный по правам человека в Республике Таджикистан З. Ализода, Руководитель Исследовательского отделения «Джорджо Ла Пира» CNR-Римского университета “Ла Сапиенца” Пьеранджело Каталано.

Здесь же Профессору Каталано было торжественно присвоено звание Почетного Профессора Таджикского Национального Университета.

Нельзя не упомянуть также еще об одном знаменательном событии. 12-13 октября 2011 года в рамках подготовки к Первому Евразийскому семинару по защите прав граждан был проведен региональный семинар на тему: «Национальные институты по правам человека в соответствии с Парижскими принципами и их роль в предупреждении пыток в Центральной Азии».

В ходе семинара, который был организован Управлением Верховного Комиссара по правам человека ООН и БДИПЧ ОБСЕ, состоялся обмен мнениями по вопросам соответствия национальных правозащитных институтов общепринятым международным стандартам и поощрения регионального сотрудничества в различных сферах обеспечения прав человека.